

Тасаууф – тек рухани жол емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, ішкі тыныштық пен эмоционалды тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталған жүйелі психологиялық тәжірибе. Ол адамның ішкі әлемін күнә мен негативті паттерндерден тазартуға, жағымды мінез-құлық пен көркем қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Тасаууф әлеуметтік тұрғыда мейірімділік, әділеттілік және сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды нығайтып, қоғамға үлгі болуға жағдай жасайды [2, 109 б.].

Қорытындылай келе, Тасаууф психологиялық зерттеулер тұрғысынан адамның мінез-құлқы мен эмоциялық тұрақтылығын дамытатын, когнитивтік және моральдық интеграцияны қамтамасыз ететін кешенді жүйе ретінде қарастырылады [1-3].

Жалпы, Тасаууф тәжірибелері цифрлық қоғамдағы психологиялық саулықты сақтау үшін тиімді құрал болып табылады. Олар эмоционалды тұрақтылықты арттырып, стрессті төмендетуге және мазасыздықты азайтуға көмектеседі. Цифрлық трансформация жағдайында жеке тұлғаның психологиялық саулығын сақтау үшін тасауф әдістерін жүйелі қолдану маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. – Медине, 1991. – 604 б.
2. Өзтүрк Х. Тасаууф. Иманна ихсанға. – Алматы: «Хикмет» баспа үйі ЖШС, 2014. – 1 том. – 600 б.
3. «Иман» журналы, №8, 2024 жыл.
4. Имам Ғазали. «إحياء علوم الدين» («Ихья» ‘улум әд-дин). – Бейрут, Ливан, دار المعرفة, - 1800 б.
5. ҚМДБ. Ресми сайты, [www.muftyat.kz](http://www.muftyat.kz).
6. Тағанұлы Н. Ихсан – рухани тәрбие негізі / Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы – Нұр-Сұлтан: «Муфтият» баспасы, 2021. – 266 б.
7. Осман Нұри ТОПБАШ. Көңіл бақшасынан Махаббаттағы сыр. – Алматы: «Хикмет» баспа үйі ЖШС, 2004. – 280 б.
8. Тағанұлы Н. Ислам дағуатының негіздері мен әдістері (оқу құралы) // Алматы: «Нұр-Мұбарак». – 2023. – 264 б.
9. Ebedî Fecre Doğru. MUHABBET ve MÂRİFET. - "Yüzakı Yayıncılık", 2022. – 269 б.

### ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ РӨЛІ

#### Берікұлы А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Дінтану» білім бағдарламасының магистранты  
(Астана, Қазақстан)  
e-mail: [abdollaberikuly@gmail.com](mailto:abdollaberikuly@gmail.com)

Ғылыми жетекші: PhD, доцент Каирбеков Н.К.

Отбасы қоғамның ең кіші, бірақ ең маңызды бірлігі болып саналады. Әртүрлі буын өкілдерінің, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынас мәселесі адамзат қоғамының дамуының алғашқы кезеңдерінен бері өзекті болып келеді. Себебі адамзат жинаған өмірлік тәжірибе, білім, дағдылар мен қасиеттер дәл осы ана-бала қатынасы жүйесі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, байытылады.

Халықтың ұлттық құндылықтарына айналған әдет-ғұрыптар мен мінез-құлық нормалары ғасырлар бойы осы ұрпақаралық қатынастар арқылы сақталып, тәрбиеленеді. Ал егер бұл қатынастар дұрыс ұйымдастырылмаса, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста теріс қасиеттер басым болса, мұндай құндылықтар жойылып, олардың орнына бөгде көзқарастар келуі мүмкін.

Алла Тағала Құран арқылы құлдарының өмірін реттеп, тәртіпке келтірді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жол көрсетуші ұстаз ретінде жіберілді. Исламда отбасы ғибадат деңгейіне көтерілген.

Ибн Абидин (Алла оны рақымына алсын) былай деген: «Адаммен бірге дүниеде де, ақыретте де жалғасатын екі байланыс бар. Біріншісі – адамның жүрегіндегі иман. Егер иман дұрыс болса, ол дүниеде де, жәннатта да бірге болады. Екіншісі – оның салиқалы отбасы. Дүниедегі ізгі отбасы өмірі жәннатта да жалғасады. Қалғанының бәрі өз орнында қалады».

Ислам отбасын адамның рухани және физикалық дамуының негізгі ортасы ретінде таниды. Құран мен хадистер отбасын қасиетті институт ретінде дәріптеп, өзара құрмет, мейірім және жауапкершілікті негізгі құндылықтар деп көрсетеді.

Мысалы, Құранда:

«Оның белгілерінің бірі – сендер тыныштық табуларың үшін өз араларыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік пен мейірім орнатуы» (Рум сүресі, 21-аят).

Ислам өркениетінде діни құндылықтар отбасы институтының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Ұлы ислам ойшылы Имам Ғазали «Ихя улум әд-дин» еңбегінде отбасы қатынастарын реттеудегі тәрбие мен білімнің рөлін терең талдаған.

*Отбасылық қатынастардағы негізгі құндылықтар*

Ислам отбасы өміріндегі басты құндылықтар ретінде сүйіспеншілік, жауапкершілік және өзара құрметті айқындайды.

### **1. Ер мен әйелдің жауапкершілігі**

«Ерлер әйелдерге қамқоршы, өйткені Алла олардың кейбірін басқаларынан артық қылды және олар мал-мүлкінен жұмсайды...» (Ниса сүресі, 34-аят). Бұл аят ерлі-зайыптылардың міндеттерін түсіндіріп, отбасының амандығы үшін әрқайсысы өз жауапкершілігін орындауы керектігін көрсетеді.

### **Мейірім мен құрмет принциптері**

Имам Ғазали отбасы қатынастарындағы негізгі факторлар ретінде мейірім мен құрметті атайды:

«Ерлі-зайыптылар арасында өзара құрмет болмаса, бұл тек отбасы үшін емес, қоғам үшін де дағдарысқа әкеледі».

### **Міндеттер мен жауапкершілік**

Исламда әрбір отбасы мүшесі өз рөлін түсініп, міндетін орындауы тиіс. Хадисте: «Әрқайсың – бақташысыңдар және қарамағындағыға жауаптысыңдар» (Имам Бухари, Имам Муслим).

### **2. Құран мен хадистегі отбасылық құндылықтар**

Отбасы қасиетті институт ретінде Құран мен хадисте нақты ережелермен бекітілген.

### **Жауапкершіліктің бөлінуі:**

«Әйелдердің құқықтары ерлердің құқықтарына тең, бірақ ерлердің дәрежесі бір саты жоғары» (Бақара сүресі, 228-аят).

Бұл аят ер мен әйелдің құқықтары мен міндеттерінің өзара толықтырып тұратынын көрсетеді.

**Сүйіспеншілік пен қарым-қатынас:** Пайғамбар (с.ғ.с.) отбасы өмірінде мейірімділіктің маңызын өз іс-әрекетімен көрсеткен. «Сендердің ең жақсыларың — отбасына ең жақсы болғандарың» (Имам Тирмизи).

**Балаларды тәрбиелеу:** Имам Ғазали балалар тәрбиесін ата-ананың ең маңызды міндеті деп көрсетеді: «Балаларды дұрыс тәрбиелеу – ата-ананың Алла алдындағы жауапкершілігі».

### **2. Отбасылық жанжалдарды шешудегі ислам тәсілі**

**3.** Қандай мықты отбасы болса да, келіспеушіліктер болуы мүмкін. Ислам мұндай жағдайларды сабыр, кешірім және кеңес арқылы шешуді ұсынады.

**Кешірім:** «Жамандықты жақсылықпен қайтар...» (Фуссилат сүресі, 34-аят).

**Кеңесу принципі:** «Істеріңді өзара кеңес арқылы жүргізіндер» (Шура сүресі, 38-аят).

Пайғамбар (с.ғ.с.) отбасылық мәселелерде сабыр мен жұмсақтықтың үлгісін көрсетті.

Имам Ғазали: «Дауда ең маңыздысы – екі тараптың ақиқатқа адалдығы».

Неке және отбасы мәселелері бойынша жауаптарды классикалық еңбектерден табуға болады. Соның бірі – жерлесіміз Бурхониддин Марғинани жазған «Һидая» еңбегі. Онда «Неке кітабы» мен «Талақ кітабында» ерлі-зайыптылар арасындағы мәселелердің шариги шешімдері берілген.

### **4. Қазіргі қоғамдағы исламдық отбасылық құндылықтардың маңызы**

Бүгінгі қоғамда отбасы құндылықтарының әлсіреуі байқалады. Индивидуализм мен материализм күшеюде. Мұндай жағдайда ислам құндылықтары тек мұсылмандар үшін емес, бүкіл қоғам үшін маңызды.

### **Әлсіреу себептері:**

– моральдық нормалардың бұзылуы

– міндеттердің дұрыс бөлінбеуі

– технологиялардың кері әсері

Бұл жағдайлар жанжалдар мен ажырасуларға әкеледі.

### **Ислам ұсынатын құндылықтар**

**1. Мейірімді дамыту:** «Араларыңа сүйіспеншілік пен мейірім салды» (Рум сүресі, 21-аят).

**2. Балаларды тәрбиелеу:** «Балаларыңа жақсылықты үйретіндер, ол оларды жәннатқа жеткізеді» (Ибн Мажа).

**3. Отбасылық жауапкершілік:** Ер – отбасының материалдық және рухани қауіпсіздігіне жауапты, әйел – отбасының берекесін сақтаушы.

Имам Ғазали: «Қоғамның негізі – отбасы. Отбасы мықты болса, қоғам да тұрақты болады».

Қорытындылай келе, ислам құндылықтары отбасы қатынастарында құрмет, мейірім, жауапкершілік және қарым-қатынасты негізгі принциптер ретінде айқындайды деп айтуға болады. Құран, хадис және ислам ғалымдарының еңбектері отбасының қоғамдағы орнын жоғары бағалайды.

Қазіргі қоғамда отбасылық құндылықтардың әлсіреуі отбасы институтына қауіп төндіреді. Сондықтан ислам құндылықтарын өмірге енгізу, отбасы мүшелерінің жауапкершілігін қалпына келтіру және бала тәрбиесіне мән беру қажет.

Ғазали және басқа ғалымдардың еңбектеріндегі отбасылық құндылықтар бүгін де өзекті. Оларды бойға сіңіру қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Отбасылық мәселелерде ерлі-зайыптылардың және қажет жағдайда үлкендердің қатысуымен кеңесу — проблемаларды шешудің маңызды жолы.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Ғазали Ә. Ихья улюм ад-дин. – Каир: Дар әл-Маариф, 2005. – 512 б.
2. Абу Захра М. Әл-усра фи әл-ислам. – Каир: Дар әл-фикр әл-араби, 2010. – 286 б.
3. Sherkat D. Religion and Family Life. – New York: Routledge, 2015. – 214p.
4. Mahoney A. Religion in Families: A Relational Spirituality Framework // Journal of Marriage and Family. – 2010. – №72. – P. 805–827.
5. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстандағы рухани құндылықтар трансформациясы. – Алматы: Философия институты, 2012. – 340 б.

### ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

**Бурханов О.А.**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының магистранты, Қазақстан

*e-mail:* [o.burkhanov@mail.ru](mailto:o.burkhanov@mail.ru)

*Ғылыми жетекшісі:* қауымдастырылған профессор

Бейсенова А.А.

Жергілікті өкілдік органдар заманауи демократиялық мемлекеттің институционалдық құрылымындағы маңызды буын болып табылады. Олар азаматтардың саяси еркін аймақтық деңгейде білдіретін, қоғамдық мүдделерді институционалдандыратын және биліктің көпдеңгейлі жүйесінде делдалдық функция атқаратын саяси институт ретінде қызмет етеді. Қазақстан жағдайында бұл функцияны мәслихаттар орындайды. Алайда жергілікті өкілдік органдарды тек құқықтық өкілеттіктер жиынтығы ретінде қарастыру олардың саяси табиғатын толық ашпайды. Оларды терең түсіну үшін саяси теориялар шеңберінде кешенді талдау қажет, себебі жергілікті өкілдік органдар легитимдік, құрылымдық, автономиялық және басқарушылық өлшемдердің тоғысында орналасқан күрделі саяси феномен болып табылады.

Бұл зерттеу теориялық талдау әдісіне негізделеді. Мақсат – жергілікті өкілдік органдар қызметін түсіндіретін негізгі ғылыми бағыттарды салыстырмалы тұрғыдан жүйелеу. Теориялық негіз ретінде өкілдік демократия концепциясы, институционализм, жергілікті өзін-өзі басқару теориясы, децентрализация тұжырымдамасы және Good Governance парадигмасы қарастырылады. Әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы-саяси талдау және институционалдық талдау тәсілдері қолданылды. Мұндай кешенді тәсіл жергілікті өкілдік органдардың формалды мәртебесі мен нақты саяси ықпалы арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Жергілікті өкілдік органдардың теориялық іргетасы ең алдымен өкілдік демократия концепциясымен байланысты. Джон Локк халық егемендігі қағидасын негіздеп, билік азаматтардың келісімі арқылы жүзеге асуы тиіс екенін дәлелдеді. Бұл идея кейін өкілдік институттардың қалыптасуына теориялық негіз болды. Роберт Даль демократияны «полиархия» ретінде сипаттап, саяси бәсекелестік пен азаматтардың қатысуын оның басты критерийлері деп анықтады [1]. Осы тұрғыдан қарағанда, жергілікті өкілдік органдардың легитимдігі сайлау арқылы қамтамасыз етіледі. Алайда өкілдік формалды сипатта қалуы мүмкін, егер нақты шешім қабылдау процесінде олардың ықпалы шектеулі болса. Бұл жағдай талдауды институционалдық деңгейге көшіру қажеттігін көрсетеді.